

1 қазан
Сәрсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛДАҒЫ ҮШ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

ОЙЫЛ АУДАНЫНДА «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ. ЖИЫНДЫ ПАРТИЯ АУДАНДЫҚ ФИЛИАЛЫНЫҢ АТҚАРУШЫ ХАТШЫСЫ, АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТЫ, САЯСИ КЕҢЕС БЮРОСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИН ЖҮРГІЗДІ. БАСҚОСУҒА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТ ТӨРАҒАСЫ СӨКЕН ЗАЙМОЛДИН, АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ НҰРЖАУ ТҰРҒАМБЕКОВ, ПАРТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ МҮШЕЛЕРІ МЕН ТИІСТІ МЕКЕМЕ БАСШЫЛАРЫ ҚАТЫСТЫ. КҮН ТӨРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕГЕ ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР ДЕПУТАТТАР ОТЫРЫСҚА ОНЛАЙН РЕЖИМДЕ ҚОСЫЛДЫ.



ЖОЛ КАРТАСЫ – ХАЛЫҚ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТ
«АМАНАТ» партиясының «Халықпен бірге!» атты 2023–2027 жылдарға арналған сайлауалды бағдарламасын іске асыруға арналған Жол картасы – тұрғындардың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін нақты істерді жүйелейтін құжат.

Онда денсаулық сақтау, инфрақұрылым, әлеуметтік сина және экология секілді бағыттар қамтылған. Сондықтан оның орындалуы партия тарапынан үнемі бақылауда.

ЕСЕПТЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР
Отырыс барысында Жол картасына бекітілген жауапты тұлғалардың есептері тыңдалды. Мәслихат төрағасы Сөкен Займолдин құжаттың орындалуына облыстық деңгейде жауапты ретінде жалпы іске тоқталды.

Депутаттық фракция мүшесі Сәндібек Нұрбаев «Қолжетімді және сапалы медицина» мен «Мәдениет және демалыс»

бағыттары бойынша баяндап, Бестамақ ауылындағы медициналық пункттің күрделі жөндеу жұмыстарының тәуекел тобына ену себебін түсіндірді. Еркін Жиеналин «Өмір сүру сапасын арттыру» бөлімі аясында Ойыл–Қараой бағытындағы автомобиль жолын орташа жөндеудің жай-күйіне тоқталды. Ал, депутат Сайран Саматұлы экология бағыты бойынша сөз алып, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысы туралы баяндады.

БАҚЫЛАУДА КЕЛЕ ЖАТҚАН МӘСЕЛЕЛЕР

Жол картасы бекітілгеннен бері аудан үшін аса маңызды үш жоба тұрақты бақылауда тұр. Бестамақ ауылындағы медициналық пункт – бастапқыда күрделі жөндеуден өткізу жоспарланған. Алайда ғимараттың апаттық жағдайда екені анықталғандықтан, бұл көрсеткіш тәуекел тобына енгізілді. Қазіргі таңда 2026 жылы жаңа

медициналық пункттің ғимаратын салу жоспары қарастырылып отыр. Ойыл–Қараой бағытындағы автомобиль жолы – осыған дейін мердігер компанияның жосықсыздығынан тұралап қалған.

Сот процестеріне байланысты құрылыс кешеуілдеп келді. Биыл жаңа мердігер компания анықталып, жол жөндеу жұмыстары қайта басталды. Қатты тұрмыстық қалдықтар полигоны – бұл нысанға қомақты қаражат қажет болғандықтан, осы уақытқа дейін іске кірісу мүмкін болмады.

Енді ғана жуырда өткен сессияда жобалау-сметалық құжаттама әзірлеуге жергілікті бюджеттен қаржы қарастырылды. Бұл алғашқы қадамның өзі көрсеткіштің алға жылжуына мүмкіндік беріп отыр.

ШАРАЛАР ҚАБЫЛДАНДЫ
Есептерден кейін аудан әкімінің орынбасары Нұржау Орынбасарұлы Тұрғамбеков тәуекел тобына кірген көрсеткіштерді орындау үшін қолға

алынған шаралар мен шешу жолдарына тоқталды. Сонымен қатар сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айбек Жалелов хабарлама жасап, жоспарлы жұмыстардың барысын түсіндірді. Жоспарлы көрсеткіштерге жете алмай отырған бірқатар мемлекеттік мекеме басшыларына жұмысты ширату, белгіленген деңгейге жеткізу жөнінде ескерту жасалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жиын соңында барлық ұсыныстар бірауыздан қолдау тауып, күн тәртібіндегі мәселелер толықтай қаралды. «АМАНАТ» партиясы Ойыл аудандық филиалының Саяси кеңес Бюросы алдағы уақытта да Жол картасындағы маңызды көрсеткіштердің орындалуын қатаң бақылауда ұстап, халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыра бермек.

АЛАЯҚТЫҚ - ҚОҒАМҒА ҚАУІПТІ ҚҰБЫЛЫС!

Алаяқтық қоғамның жағдайына байланысты түрленіп, дамып, жаңа сипатта көрініс беріп жатыр. Алаяқтықтың бүгінгі таңдағы жаңа бір сипаты – ақпараттық жүйені пайдалану арқылы бөтеннің мүлкін жымқыру, яғни интернет алаяқтық болып отыр.

Бұл жерде қылмыскер компьютер, смартфон, планшет секілді заманауи құралдардың көмегімен интернет арқылы адамдарды алдап, мүлкін жымқыру секілді жыммысқы әрекеттерге барады. Бүгінде интернет алаяқтықтың ауқымы кеңейіп, әртүрлі интернет ресурстары мен әлеуметтік желілерді пайдалана отырып алаяқтардың арбауына түскен алданушылар саны күн санап

өсуде. Интернет алаяқтықтың бір түрі – фишинг. Бұл – интернет пайдаланушының жеке мәліметтерін (логин мен пароль) жасырын алу. Қаскүнемдер алдымен танымал брендтердің немесе банктердің атынан жаппай электронды хаттар таратады. Еліміздің банктері мен байланыс операторлары алаяқтықтың жаңа түрі туралы мәлімдеме жасап отырады.

Төмендегідей қарапайым шараларды сақтау интернет-алаяқтардың құрбаны болмауға мүмкіндік береді:
- Расталмаған сату көздерін пайдаланбаңыз;
- Кез келген жағдайда сіздің банк карталарыңыздың және шоттарыңыздың мәліметтерін

ешкімге бермеңіз, әсіресе интернет арқылы байланысқан кезде;

- Интернет жүйесі арқылы келген сілтеме бойынша өткен кезде мекенжай жолына, яғни акция жүргізетін ұйымның не компанияның ресми атауының дұрыстығына назар аударыңыз;

- Банк карталарының деректерін сақтап, картаның сыртқы жағындағы 3 санды CVV/CVC-кодын ешкімге айтпаңыз сондай-ақ банктен келіп түсетін SMS-кодты ешбір жағдайда бейтаныс адамға айтпаңыз;

- Жеке деректерді, жеке куәлік деректерін, банк карталарының деректерін және тағы басқа мәліметтерді қамтитын

құжаттарды, банк карталарының көшірмелері мен фотосуреттерін ешкімге жібермеңіз және таратпаңыз;

- Интернетте, соның ішінде әлеуметтік желілер арқылы жасалатын күмәнді мәліметтерден бас тартыңыз;

- Интернет-порталдар арқылы мүлкті сатып алу кезінде ешқашан алдын ала келісім жасамаңыз. Интернет-алақтық жаһандық мәселеге айналып отыр. Ақпараттық сауаттылықты дамыту және сақтық шараларын қолдану арқылы ғана біз өзімізді және жеке деректерімізді алаяқтардың ықпалынан қорғай аламыз.

Ойыл ауданының прокуратурасы

САЙЛАУ - 2025

ХАБАРЛАМА

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 104-бабының 6-1-тармағына сәйкес Ойыл аудандық мәслихатының шығып қалған депутаттының орнына сайлау жөніндегі бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлаймыз.

№ 9 сайлау округі бойынша

- 1.Айтқалиев Сырым Далабайұлы, 1996 жылы дүниеге келген, «Сырым» ШҚ, басшы, Жақсыкөл қыстағы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.
- 2.Бисембаев Мұстафа Ерғалиұлы, 1991 жылы дүниеге келген, «Қараой мектеп - балабақшасы» КММ, мұғалім, Қараой ауылы, «АМАНАТ» партиясынан ұсынылған.
- 3.Жандау Сәуірбай Әрісбайұлы, 1998 жылы дүниеге келген, Ойыл аудандық ветеринарлық стансасы, мал дәрігері, Қараой ауылы, өзін-өзі ұсыну тәртібімен ұсынылған.

№ 9 округтік сайлау комиссиясы

«ӘЛЕМ ТАНЫҒАН - ШЫҒАНАҚ БЕРСИЕВ»



Ойыл топырағы – небір тұлғаларды түлеткен қасиетті өңір. Солардың ішінде әлемге аты мәшһүр болып, еңбегімен тарихқа енген ерекше жан – ақ тарының атасы, диқаншылықтың данышпаны Шығанақ Берсиев.

Оның ғажайып еңбегін дәріптеу мақсатында Ойыл музейі «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Әлем таныған – Шығанақ Берсиев» атты тарихи-танымдық шара ұйымдастырды.

Қазақ халқы үшін тары – ежелден қастерлі дақыл. Алайда сол дақылды әлемдік деңгейде мойындатқан дара тұлға – Шығанақ Берсиев еді. Ол Ойыл өңірінің киелі топырағында дүниеге келіп, туған жердің қасиетті даласын еңбекпен түлетті. Жер-ананың тамырын дәл басып, тары өсірудің тың тәсілдерін қолданып, рекордтық өнім алғаны үшін оның есімі Кеңес Одағының шекарасынан асып, бүкіл әлемге мәлім болды. Берсиевтің өнегелі өмірі – төзім мен еңбектің, отаншылдық пен туған жерге деген махаббаттың шынайы үлгісі. Оның еңбегін тек ауыл-аймақ ғана емес, күллі ел мақтан тұтады.

Шара барысында Шығанақ Берсиевтің өмірі мен еңбегін баяндайтын бейнебаян көрсетілді. Қатысушылар тарихи деректер мен тың мәліметтер арқылы тарышы атанған тұлғаның өмір жолына тағы бір қырынан көз жеткізді.

Кешке арнайы шақырылған қонақтар – Ойыл ауданының

Құрметті азаматы, журналист, Шығанақ Берсиевтің өмірін зерттеп жүрген жазушы-зейнеткер Идош Асқар, белгілі өлкетанушы, «Ойыл соғыс жылдары» мен «Ойыл» кітапшылықтың данышпаны Шығанақ Берсиев. Оның ғажайып еңбегін дәріптеу мақсатында Ойыл музейі «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Әлем таныған – Шығанақ Берсиев» атты тарихи-танымдық шара ұйымдастырды.

Қонақтар тарихи деректерді тереңінен талдап, ел аузында сақталған әңгімелерді ортаға салды. Әсіресе, Берсиевтің еңбекқорлығы мен қарапайымдылығы, елге деген сүйіспеншілігі, соғыс жылдарындағы қажырлы еңбегі жайлы айтылған әңгімелер жас ұрпақтың жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

Ойыл музейі ұйымдастырған бұл игі іс-шара – тек бір тұлғаның өмір жолын еске алу емес, жас ұрпақты еңбекке, отансүйгіштікке, елін, жерін қадірлеуге тәрбиелейтін тағылымды сабақ болды. Әлемді тарысымен мойындатқан Шығанақ Берсиев – Ойылдың ғана емес, күллі қазақ халқының мақтанышы. Оның өмірлік жолы – әр қазақ баласы үшін өнеге. Осындай тарихи-танымдық шаралар арқылы тұлғаның есімі жаңғырып, ұрпақ жадында мәңгілік сақталмақ.

Өз тілшіміз.

САЙЛАУ - 2025

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
1	Қараой	Қараой ауылы, Қараой мектеп бала бақшасы, Жасқайрат көшесі №26
2		Құбасай ауылы, Құбасай бастауыш мектебі, Қызылқорған көшесі №7
3	Сарбие	Қаракөл ауылы, Қаракөл бастауыш мектебі, Абай көшесі № 10
4	Саралжын	Шикұдық ауылы, Теректі негізгі мектебі, Қайрат Рысқұлбеков көшесі №16

САЙЛАУ - 2025


ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Қараой ауылы	Еңбеккерлер көшесі (“Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты” мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
2	Құбасай ауылы	Қызылқорған көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құбасай бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
3	Қаракөл ауылы	Абай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қаракөл бастауыш мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына қарама-қарсы)

«Ойыл газеті» ЖШС

ЕКІНШІ ҚАЗАН. ҮШІНШІ ОҚ. ШӘКӘРІМ ҚАЛАЙ АТЫЛДЫ?

Керегетас бөктерінде Шәкерім үшінші оқтан ажал құшты. Ғұлама да, астындағы аты Торжорға да қансырап құлағанын жақын жерден көрген, тіпті оң қолын көтере: «Мен өкіметке керек адаммын, мені ауданға жеткізіндер» деген соңғы сөздерін естіген куәлер баршылық. Бірақ, шындық ашылмай-ақ қала берді (жазалаушы отряд сарбаздары тіс жармаймыз деп өзара анттасып, баталасқанға ұқсайды). Сонымен, кемеңгер жүрегіне дөп тиген үшінші оқ кімдікі? Төменде осыны анықтауға талпынып көрмекпіз. Әділі керек, дүмпу басталған 1931 жылдың қыркүйегі мен Шәкерім қаза болған 2 қазанға дейінгі оқиғалар төңірегінде қауесет, хикаялар көп-ақ, бірақ... өзара қарама-қайшылыққа толы. Мұның өзіндік себебі бар. Білік басындағылар (ұшар басында облыстық ГПУ): «Қылмысқа бізді अपарған Шәкерім десендер, босатамыз, әйтпегенде өздерінді байлап-матап жоқ қыламыз» деп куәлерді бірден-ақ қатты үркіткен. Оған қоса, «Ол жалғыз болмаған, қарулы бандымен бірге келе жатқан» деген сияқты «мифтер» жасау арқылы сұмдық қылмыстың ізін жасыруға тырысып бақты. Көтеріліс кезінде опат болған коммунист Олжабайдың торжорғасы ең құнды «көзірге» айналды, ол кімнің тақымынан табылса, сол кісі көтерілістің көсемі десті. Осы айтылған жәйттерді анықтауға 1963 жылы Абай аудандық партия комитеті жанынан 9 кісіден комиссия құрылған болатын. Шәкерімді ақтамақ қамында аталмыш комиссия 3 айда 300-дей адамды сөйлетіп, көп материалдар жинақтаған. Төменде солардың ішінен ең сенімдісі, дәлелдісі дегендерін ғана іріктеп, оның өзінде қарама-қарсы топтан екі куәні (бірі – Айтмырза, екіншісі – Бердеш) ғана таңдап алып, сөйлетпекпіз. «Бұл оқиға тұсында Қарасартовтың қарауында чекистік қызмет атқардым, – дейді Қарасартовтың тобында болған Айтмырза Түншікбаев. – Бандалар Қарауылды шауып, Олжабайды өлтіріп кеткен соң араға үш күн салып Шәкерім аға біздің үйге келді, қатты ауырып жатқан тоқсандағы әкемнің көңілін сұрады. Сонда ол: «Қарауылдың балшық үйін қиратып, кісі өлтіргенде жексұрын көрінгеннен басқа не шығарды?... Оңашен



ақымақтардың ісі бұл!» – деп, бүліншілікке қатысқандарды қатты жазғырып отырды. Сонда оның банда болғаны қайсы?... Ал, ақын қазасына келсек, ол былай болған. Таң мезгілі. Күздің бір бұлыңғыр күні еді. Жерді қырбақ қырау басқан боқырау шағы. Күзетте тұрған башқұрт Халитов анадайдан мұнартып көрінген бір топ аттылардың бізге қарай беттегенін көрген. Осы хабар құлағына тиісімен оларды банда деп ойлаған Қарасартов бізге бірден-ақ «Атыңдар!» деп бұйырды. Одан-бұдан мылтық атыла бастаған соң аналар іркіліп қалды. Сол кезде іркілген топтан біреуі үзіліп шығып, атының жорғасын төгілдіре бізге қарай беттеді, және де қайта-қайта қолын көтеріп, залалсыз адамбыз дегендей белгі берді. Жақындағанда Шәкерім екенін бәріміз-ақ таныдық. Бірақ, «Атысты тоқтатыңдар!» деген бұйрық болмаған соң Халитов екі дүркін тағы атты. Шәкерім атының жалын құша беріп жерге құлап түсті. Аты да оңбай жарақаттанды. Шәкенің бізге бірдеңе деуге де шама-сы келмеді. Ат, түйе мінген қалпымызда біз оны қоршап біраз уақыт үнсіз тұрдық. Бұл кезде Шәкен серіктері зымзия жоқ боп кетті. Қапелімде жан тәсілім қыла алмай қиналып жатқан қарттың қаруын, үстіндегі киімдерін бұйрық бойынша жұрт үлесіп ала бастады. Қасқыр ішік, тымақ, саптама етік, сырма бешмет, шалбар дегендеріңіз бір-бірден алынып болған соң ақ қыраудың үстінде ақ жейде,

ақ дамбалымен қан жоса боп ақ сақалды шал жатты. Сонда начальник маған: «Әй, тобықты, сен неге алмадың?» – деп зекіді. Мен: «Алатын несі қалды?» – дегенді ызаға булығып айттым. Ол: «Өзін ал! Бақанасқа жеткіз!» – деп бұйрық берді. Мен түйемді шөгердім де, астымдағы өре киізді жайып жіберіп, соған өлікті ұзын күйінде орап, екі жерден арқанмен бунап, түйенің бір жағынан екі өркешінен ілдім. Өзім түйеге жайдақ мініп, Бақанасқа жеткіздім. ... Біздің аса қиындықпен ойған жерімізге қарттың ұзын денесі симаған соң, соған отырыздық та жүзін жасырдық». Міне, шынайы факт, дәйекті материал осы. Оны Айтмырза Түншікбаев өз қолымен жазып берген. Бұл нанымды дерек әлденеше куәлер бекітеді. Талдап көрелік. Біріншіден, «Шәкерімді бәріміз таныдық» дейді куәгер. Оның себебі, Қарасартов тобындағы жиыны он солдаттың бәрі де жергілікті тұрғындар еді. Бөтен дейтін башқұрт Халитовтың өзі Шыңғыз көптен тұратын, Шәкерімді жақсы білетін. Екіншіден, начальниктің бұйрығынсыз ешкімнің ешқандай қимыл жасамағанын аңғаруға болады. Айтмырзаның айтуынша, ГПУ-дің солдаттары жылдам аттарын түсіп, денесі әлі суып үлгермеген қарттың «қаруын, үстіндегі киімдерін үлесіп ала бастаған». Бұл жерде «Шәкерімнің қаруы» дегенге назар аударайық. Ол қару – Шәкерім дәйім

жанында ұстаған ағасы Абай сыйлаған мылтық-винчестер (келесі бағалы мүлкі – Стамболдан сатып алған алтын сағаты болатын, мұны ел аузы Әбдірайым деген адам алған деседі). Айтмырза сөзін талдаудан шығар қорытынды: Шәкерім өліміне тікелей кінәлі адам бар, ол – топ командирі Абзал Қарасартов. Өйткені, жазалаушы әскери отрядта бұйрықты орындамауға, сол сияқты өз бетінше әрекет қылуға жол жоқ. Бұл тәртіпті бұзу – қылмыспен парапар. Сонымен, үшінші оқтың иесі кім? Жоғарыда Керегетаста болған қанды оқиға куәгерлері ләм-мим демеді, жұмбақтың үлкенін өздерімен бірге қара жерге ала кетті дегенбіз. Башқұрт Халитов атқан екі оқтың бірі Шәкерімге, бірі торжорғаға тигені біршама анық. Үшінші оқ ше? Қол созым жерден атылып, Ахаттың сөзінше, «төс сүйектің ортасынан өтіп, оң жақ омыртқаның қанатын сындырған» осы оқ болатын. Оқиғаның панорамасын тұтас көруге енді қарсы топтың адамы – Бердеш Әзімбайұлына (1885-1963) кезек берейік. Ол көтерілістің белсендісі ретінде Қытай жеріне өтіп кеткен, одан елге оралған, әйтеуір, «Ой, пәлі, Бердеш-ай, сен әлі тірімісің?» деп Мұхаң (М.Әуезов) ғажаптанғандай, тар жол, тайғақ кешуді белшеден кеше жүріп, тозақтан тірі шыққан адам. Оның Қабден Есенғараұлына айтқан әңгімесінен бір үзіндіні алайық (бұл әңгіме «Үш анық» газетінің 1991 жылғы № 3 санында «Шәкерім

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТҮРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ ШЫҒЫП ҚАЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОРНЫНА ТІРКЕЛГЕН КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТҮРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда 1 шаршы см құны — 300 теңге ҚҚС қоса алғанда.
 2. Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см.құны 400 теңге ҚҚС қоса алғанда.
 3. Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомадан 50%.
 - Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы - 1332 дана. Газеттің шығу жиілігі аптасына 1рет: Сейсенбі күні—D2 форматта;
 4. Шығып қалған Ойыл аудандық мәслихатының депутаттарының орнына тіркелген кандидаттарға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
 5. Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.
 6. Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.
 7. Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
 8. Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
 9. Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2025 жылғы 30 қыркүйектен бастап 2025 жылғы 20 қазаны күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- P.S. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.**
Мекен-жайымыз: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 69-үй, 318-322 бөлмелер.

қалай атылды?» деген атпен жарияланды). Күндізгі уақыты Шәкерім қажы және ұлы Зият Саятқорада өткізеді. Түн жамыла Керегетасқа жетіп, Бердештің тобына қосылады. «Келесі күні, – дейді Бердеш, – таң атар-атпастан мылтық тарс етіп атылғанда бәріміз шошына орнымыздан тұрдық. Біз атқа мініп қарсы бетке шыққанымызда, жатқан жерімізге 15-20 адам келіп тоқтады. Сол түні сілбі жауып, күн бұлыңғыр еді. Олар бізге, біз оларға қарап біраз тұрдық. Сол кезде Шәкерім Зиятқа қарап: «Қош, жан балам!» – деп НКВД адамдарына тура тартты. Ол НКВД адамдарына таып барғанда екі дүркін мылтық атылды, торжорға ат көкке бір секіріп барып құлады. Шәкерім атпен бірге құлап түсті де орнынан атып тұрып, қолын жоғары көтерді. Онысы «атпаңдар» деген белгісі еді. Оған қараған жан жоқ. Тағы да мылтық сарт етті. Шәкерімнің жоғары көтерілген оң қолы сылқ түсті... Шәкерімнің өлгенін көзбен көріп тұрсақта, қолдан келер қайран жоқ, керейлерге қарай бет алып, олардың көмегімен Қытайға кеттік». Міне, үшінші оқ қалай, қай жерде атылғанын естіп-білдік (бәлкім, Ата тағала Бердешті осы шындықты жеткізу үшін сақтаған шығар). Саралайық. Мылтық үш дүркін атылған. Алдыңғы екеуден соң торжорға «секіріп барып құлаған». Ал, соңғысы үшінші оқтан «Шәкерімнің оң қолы сылқ түсті», яғни Шәкерімнің «өлгенін көзбен көрдік» дейді Бердеш. Сөйтіп, Шәкерімнің ажалы Қарасартовтың оғынан болған. Жарықтық осыны алдын-ала сезгендей, чекиске жоламауға тырысқан. Олар философия, поэзия хақында сұхбат құрып, сырлас бопты деген дақпырт бар, бірақ бұл, сіре да, шындыққа жаналса қоймайтын жел сөз. Деленге көрнекті ғалым Евней Букетов магнитофон таспасына құпия түрде жазып алғандарын келтірейік (Қарасартовтың жауаптары жазылған бұл материал 1989 жылдың ақпанында «Қазақ әдебиеті» газетінің үш санында жарияланған). Таспада Қарасартов Шәкерімді үйіне шақырып, «қонақ» қылғанын былайша баяндайды: «... Маған қараса күллі денесімен бұрылып, «қасқырша» қарайды да, қайтадан қалпына отырып сөйлейді. Бір күн, бір түн сөйлескенде езу тартып бір күлмеді!«Қарағым-шы-

рағым» деген сөзді далада да, үйімде де, еш жерде естігем жоқ!». Осыдан соң, жас чекист пен әулие достық қатынаста болыпты деуге қайтіп ауыз барады. Керісінше, абыздың жаны түршіккенін естіп-біліп отырмыз. Қосымша дәлелге ақынның 1931 жылдың жазында жазылған «Кейбіреу безді дейді елден мені» деген қапалы өлеңін алайық. Онда: Елді зарлатқан арсыздың қылығынан, Жанына жаным шошып бара алмадым, - дейді. Шарасыздық құрсауындағы ақын мұнда абстракттілі, жалпылама түрде емес, нақтылы адамды нұсқап, адресі түрде айтып отыр. Бірі – ұлылықты махаббат, мейірімділіктен тапқан кемеңгер, бірі – әділеттілік мылтықпен деп сенген, көзі қанталаған жас революционер. Соңғы секундтарда, сөз жоқ, олардың жанарлары шарпысты. Екі арада – шексіз ымырасыздық. Шошандаған маузерін қақ жүректің тұсына кезеп, шүріппені қалай басқанын, бәлкім, чекистің өзі де аңдамады. Соңғы демі ышқына шыққан Шәкерім қарсындағы тұяғымен ауаны тарпып, денесі діріл қаққан торы жорғаның үстіне құлап түсті... Сонымен, Шәкерімді кім атқарын біз білеміз дейміз. Ол – Қарасартов. Соңғы оқтың иесі соң! Қолда бар материалдар осының айғағы. Айтпақшы, бұл тұжырымды алғаш рет Жайық Бектұров өзінің «Ақын мен арамза» атты поэмасында көркем тілмен жеткізген болатын. Қанды қанау айналам, Соларды көріп ойланам. Құтқарып алар қуат жоқ, Құр саламын байбалам. Өстіп, жаны күйзелген Шәкерім Құдайбердіұлы өлімі арқылы да қазаққа зор сабақ қалдырды. «Қиянаттың жеңісі уақытша, махаббат пен әділеттілік жеңісі мәңгілік» деген.

Анық асық – әулие, Кереметке сол ие. Жаны құрбан Жарына, Керексіз өзге дүние. Бар саналы ғұмырын туған қалмағын игілігіне арнаған кемел данышпан Шәкерім – шын әулиенің соңы. Қазақ зиялыларын түгелге жуық жалмаған саяси репрессияның тұңғыш құрбаны да өзі болды. Елім деп еңіреген барша алаш арыстарының рухы биікте, жаны жәннәтта болғай!

АСАН ОМАРОВ, Abai.kz

АДАЛ БӘСЕКЕЛЕСТІК — ТҰРАҚТЫ ЭКОНОМИКАНЫҢ КЕПІЛІ



Қазіргі заманда бәсеке-лестік — нарықтық экономика-ның қозғаушы күші. Бірақ бұл бәсеке-лестік әділдік пен заңға сүйенген жағдайда ғана тиімді болмақ. ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 163-бабына сәй-кес монополияға қарсы орган бәсеке-лестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу саласындағы басшылықты, мемлекеттік монополия сала-сына жатқызылған қызметті бақылауды және реттеуді жү-зеге асыратын орган. ҚР Кәсіпкерлік Кодексінің 177 — бабы нарық субъектісінің (тұлғалар тобының) неме-се бірнеше нарық субъек-тілерінің (тұлғалар тобының) Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік айнал-ым әдет-ғұрыптарына, пара-

саттылық, парасаттылық және әділдік талаптарына қайшы келетін және нарықтың басқа субъектілеріне-бәсеке-лестер-ге не нарықтың басқа субъек-тілеріне зиян келтірген немесе келтіруі мүмкін Кәсіпкерлік қыз-метте артықшылықтар алуға бағытталған кез келген іс-әре-кетін жосықсыз бәсеке-лестік деп таниды. Басқаша айтқанда, жосықсыз бәсеке-лестік — бұл салауатты бәсеке-лестіктен асып түсетін нәрсе. Яғни, сауда және басқа да әділ әдет-ғұрыптарға қай-шы келетін кез-келген бәсеке-лестік әрекеттер.

ЖОСЫҚСЫЗ БӘСЕКЕЛЕСТІККЕ ОНЫҢ ІШІНДЕ МЫНАДАЙ ӘРЕКЕТТЕР ЖАТАДЫ: -тауарларды, жұмыстарды,

көрсетілетін қызметтерді, сон-дай-ақ авторлық құқық объек-тілерін дараландыру құрал-дарын құқыққа сыйымсыз пайдалану; -басқа өндірушінің тауарын құқыққа сыйымсыз пайдалану; -бұйымның сыртқы түрін көшіріп алу; -нарық субъектісінің беделін түсіру; -көрінеу жалған, жосықсыз және анық емес жарнама; -мәжбүрлі ассортиментпен та-уар өткізу (сатып алу); -бәсеке-лестің сатушысына (өнім берушісіне) бойкот жа-сауға шақыру; -сатып алушыны (өнім бе-рушіні) кемсітуге шақыру; -нарық субъектісін бәсеке-лестен шартты бұзуға шақыру; -сатушының (өнім берушінің) қызметкерін сатып алушылық; -сатып алушының қызметкерін сатып алушылық; -коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты құқыққа сыйымсыз пайдалану; -тұтынушыға тауардың сипа-тына, өндірілу тәсілі мен орны-на, тұтынушылық қасиеттері-не, сапасы мен санына және (немесе) оны өндірушілерге қатысты анық емес ақпарат ұсына отырып, тауарды өткізу; -нарық субъектісінің өзі өн-діретін және (немесе) өткізетін тауарларын нарықтың басқа субъектілері өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлар-

мен орынсыз салыстыруы; -тауар сатушыны (берушіні) ауыстыруға кедергі жасау. Мұндай әрекеттер кәсіпкер-лердің құқығын бұзып қана қоймай, тұтынушыны адасты-рып, сенімсіз нарық ортасын қалыптастырады. Сондықтан ҚР Бәсеке-лестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе об-лысы бойынша департаменті мұндай заңбұзушылықтарды анықтап, заң аясында жауап-кершілікке тартады. Әрбір кәсіпкер мен нарық қатысушысы өз қызметінде заң мен іскерлік әдебін бас-шылыққа алуы тиіс. Өйткені адал бәсеке-лестік — сапаның кепілі, тұтынушы сенімінің негізі және ұлттық экономика-ның тұрақты дамуының алғы-шарты. Осыған байланысты, ҚР Бәсеке-лестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе об-лысы бойынша департа-менті облыстың нарық субъ-ектілерін (бизнес қоғамда-стығын) өз қызметін жүзеге асыру кезінде адал, ашық жа-уапты бәсеке-лестік қағидатта-рын басшылыққа алуға шақы-рады.

Ж.БЕРНИЯЗ, Қазақстан Республикасы Бәсеке-лестікті қорғау және дамыту агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің төргөп-тексеру бөлімінің бас маманы.

ДЕРМАТОМИКОЗ НЕГІЗІ ЖАҢУАРЛАРДАН ЖҰҒАДЫ

Дерматомикоз ауруы — адамдар мен жануарлар арасында кең таралған ортақ паразитарлық ауру. Дерматомикоз - таз ауруына өкеліп соқтыратын жұқпалы тері ауруы. Аурудың жұғу көзі - ауру адаммен қарым-қатынас, ауруға ұшыраған малдар мен үй жануар-лары (ит, мысық). 2023 жылы аудан бойынша 14 жағдай тіркелді. Барлығы да 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер. Со-ның ішінде мектепке барып жүр-ген оқушылар арасынан 9 жағдай тіркеліп отыр. Науқас адамның тері қабыр-шақтары кілемге, еденге түсіп ұзақ уақыт сақталады. Саңыра-уқұлақтар шашты, тері қабатын, тырнақтарды зақымдайды. Ин-фекция науқас адаммен және жануармен тікелей байланыста болғанда, яғни қол алысу, жеке заттар (киім, аяқ киім, тарақ, сүлгілер, маникюр сияқты жеке керек-жарақтары және т.б), ор-тақ заттар (кітаптар, қаламдар, жиһаздар, ойыншықтар) арқылы берілуі мүмкін. Сонымен қатар шаш алдыру кезінде, тырнаққа маникюр жасау кезінде, моншаға барғанда гигие-налық талаптар сақталмаған кез-де жұқтырады. Аурудың инкуба-циялық кезеңі (жасырын кезеңі) 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды. Алғашқы уақытта шаш түсіп, тері қабыршақтанып, бас терісінде бөртпе пайда бола бастайды. Тегіс теріде дөңгелектенген ай-қын шекаралары бар, шеттері кө-терілген қабынудан ісінген дақта-ры пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған

қабыршықтар болуы мүмкін. Сонымен қатар, науқастардың көпшілігі өз ауруына мән бермей, басқалардың денсаулығына қауіп төндіре отырып моншаларға, бас-сейнге, спорт залдарына, шашта-раздарға барады. Ауруды жұқтырмау үшін теріні таза ұстап, бөгде адамдардың бас киімдерін, аяқ киімдерін ки-мей, тарақтарын, төсек-орын жаб-дықтарын және керек-жарақтар-ға пайдаланбау керек. Моншаға шомылу кезінде де жеке бас гигиенасын сақтау, қанғыбас мы-сықтар мен иттермен ойнамау керек. Ваннада немесе душта үнемі жуынып тұру (аптасына кемін-де бір рет) керек. Санитариялық қағидаларға сәйкес үнемі про-филактикалық дезинфекция жүргізілетін моншаларға, сауна-ларға, жузу бассейндеріне, спорт залдарына бару керек екенін білу маңызды. Сүлгіні жиі жуу, міндет-ті түрде үтіктеу, ата-аналары ба-лаларына қол жуу қағидаларын үйретіп, қанғыбас жануарлармен ойнамауды ескертуі керек! Үй мы-сықтары мен иттер де аурудың алғашқы белгілері пайда болған-да оларды емдеу үшін ветерина-риялық дәрігерге көрсету қажет. Егер теріде және бас терісінде бөртпелерді байқасаңыз, дер кезінде диагноз қойып, тиісті ем алу үшін медициналық ұй-ымдарға тексерілу қажет. Өзді-гінен крем, маздармен емдеуге болмайды.

Ғ. ҚҰБАЕВ, Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

АТТАН АТТЫҢ НЕСІ АРТЫҚ?!

Бала кезімде газеттен оқып, есте қалғанын бір оқиғаны жазғым келіп отыр. Бұл жылқы жайлы болмағанмен, мал та-ныған көшпендінің қасиеті жайлы. "Жылқы жайлы болмаған-мын!"— дегенім, кішкентай-ымнан жан-жануарға құштар болып өстім. Көшпендінің қаны болған соң болар. Үйде әкем жинаған кітап-тардың ішінен көшпенділер жайлы, жылқы, аң құс жай-лық кітаптардың бәрін оқып шыққанмын. Әсіресе, Қамбар ата түлігіне ерекше ынтық болдым. Жылқы жайлы энциклопедия, кандай кітап болсын екі үш қайтара оқып, өзімше селек-ция жөнінде зерттеу жасай-тынмын. Жылқы жайлы кітап болса із-деп жүріп табатынмын. Оны әкем де біледі, маған газет оқымайсың деп сөйлейтін. Бір күні, «Сыр бойы» газетін алдыма тастап: " Мұнда сенің тақырыбың жа-зылыпты! " — деді. Бас қой-дым! Сіздерге соны шамам келгенше өз сөзіммен жеткі-зейін. ...Бұл әңгіме желісі елуін-ші жылдары болған. Көктем уақыты. Мен әскер қатарынан келген кезім, ол кезде әскер-ден келген соң үш күн ішінде жұмысқа орналаспасаң айып-ты боласың. Мені ауылсовет ауылдан 10 шақырымдай жердегі фер-маға жұмысқа жіберді. Кешке бірінші жұмыс күнін аяқтап, екі салт атты болып,- завферма жездеммен бірге ауылға тарттық. Ол өзі сөзге сараңдау кісі еді. Жолда екі көзін жерден алмай келе жат-ты. Арасында жан жағына қар-райды. Мен шыдамадым, —Ау жездеке не болды, ауы-зын бұған өгіздей басыңды салбыратып? Әңгіме айт-саңшы! — дедім. Ол тізгінін тартып, тоқтады да: — Мына алдымызда бара

жатқан кісі бір жылда шару-асын жақсартып, біраз мал жинап қалыпты,- деді. Мен алдыма қараймын. Ештеңе көрінбейді. Ол маған: —Жерге қара! — деді. Мен, "мынаның есі дұрыс па?" — деп ойладым. Жерде кесекқұртпен, әр жер-де бауырымен жорғалаған кесірткіден басқа ештеңе көре алмадым. —Ізге қара! — деді. Қарасам, бір аттың ізі, уақ малдың ізі жатыр. —Оның байығанын қалай біл-дің? — деп күлдім. —Алдындағы айдаған жеті бас малдан он бір төл алып, малының санын он сегіз басқа жеткізіпті,—деді. Менің көзім айқасып, жағым жерге түсіп кете жаздады. —Оны қайдан білдің? —Ізден! Таң қалып үлгерем дегенше: —Қазір анау тақырға шығай-ық, сол жерде толық айтам, —деді. Енді" Аузын бұған өгіз " — мен болдым. Ол маған көзінің қиығымен ку-лана қарап қояды. Менің қызығушылығым оянға-нын біліп келеді. Тақырға шыға бере, ол аттан түсті де, жерге шамалы шұқ-шып жүрді. Қайта атына мін-ді. —Жеті бастың төртеуі қой екен, үшеуі ешкі екен, қойдың екеуінде жалқы қозыдан, біре-уі бойдақ, есесіне біреуі егіз қозы ертіпті, үш ешкінің екеуі егіз, біреуі үшем туыпты, — деді. Мен таңданысымды жасырып: —Оны қайдан білдің? Сен де " бояушы, бояушы дегенге сақалын бояптының " — керін келтірдің ау! — дедім. —Оны жастайынан сен си-яқты желікке сөз құмай, мал соңында жүрген, көзі қарақты адамға білу қиын емес! — деді. Менің мынаны сөзшеңдігім-мен ауылға дейін " әжуалап

барам" — деген ойым керісін-ше болып келе жатқанына зығырданым қайнады. —Тыңда! — деді. Менде амал жоқ, жағымды жинап, көзім бақырайып, үн-сіз қарадым. — Әр жануардың іздері бөлек. Бір қарағанда қой мен ешкі ізі ұқсас болғанмен, қойдың қос тұяғы бір — біріне жабыса біт-кен. Ал, ешкінікі керісінше былай, алшақтау, — деп, екі саусағын ашып көрсетті. Төлдері де солай. Ана тақы-рда шөп аз болғаннан жай-ыла жүрген. Сонда әр төл өз енесінің қасында болған. Мен енді шын ырза бола бастадым. Бір кезде жездекем атының басын тартып, тағы ізге үңілді. Сосын қасыма тақап келіп: — Мына шалдың қолында құрығы бар екен. Бағанағы бойдақ малы — қошқар. Өзі семіз екен. Тақыр жерден із жақсы көрінді. Қозыларының екеуі еркек, екеуі ұрғашы, лақтың төртеуі еркек, үшеуі ұрғашы. Астындағы құнаны жүйрік екен, — деді. Менде үн жоқ. Өзі әңгімесін жалғап: — Бұларды білгенім, бұл кісі малын иіріп өзі кіші дәрет алыпты. Түзге отырарда, құрыққа сүй-еніп отырыпты. Оны құрық ізінен білдім. Тұрарында то-пырақпен дәреттің ырымын жасапты. Дәреті әлсіз, топы-рақты төсе алмаған. ... Сендей есерсоқ жастар түреге тұрып, жерді көбіктен-діре тесіп шаптырар! — деп күлді. Мұсылман баласы тұрып дәрет сындырмаған бұрын! Бойдақтың қошқар екенін білгенім, малдары да дәретін сындырған қошқардыкі төрт тұяқың ортасына түскен, ұрғашы малдыкі артқы аяқтың артын ала түседі. Тұяғы үлкен. Семіз екенін білгенім, жерге ізі қатты батқан. Лақ, қозыны да

солай білдім. Мен шыдамай: — Ал, жылқының жүйрік құнан екенін қалай білдің? — дедім. —Ай мәңгүртім ай! Қазақ " Жылқы " — деп жалпы Қамбар ата түлігін айтады. Жылқы ішінде жынысы, жасы, түсі, пайдалану жағдайына қар-ай көпке бөлінеді. Мініс көлігіндегі жылқыны — "АТ" — дейді, —демесі бар ма! Қап, мынаның— ай дедім ішімнен. Осы арада сабап — сабап, байлап кетсем бе екен?!... Бірақ енді қайдан, нағыз ше-шен осы болды. Сөзі арқылы мысты басты. Оның үстіне ана жылқы жай-лы (ойбай ат екен ғой) білгім келді. —Оны білгенім де, сол дәрет сындырғаннан, — деді. Мен қарап тұрмай: — Дәрет, дәрет деп қоймай-сың, " Сиді " — десей. Ол дәрет алатын адам емес қой, — дедім. —Ей ақымақ! " Дәрет алу " — деп, тек мұсыл-ман толық дәреттің жолын жа-сағанда айтылады қазақта. Ал, " Дәрет сындыру " — деген, сол сенің " Сиді " — дегеніңнің сыпайы айтылғаны. Толық жасалмай жартысын сындырып тастағаны, — деді. —Дәретті сен де сындырасың, мал да сындырады! — демесі бар ма! Өзіме де сол керек. Үндемегеннен үйдей бөле шықты. Нағыз " Әжуа " — өзім болдым. —Сонымен, әрі қарай айтай-ын ба? Мен мүләйімсіп басымды изедім. —Міне сол дәреті, екі алдыңғы аяғының арасынан өтіп, асып кетіпті. Тек, сарқыншағы төрт аяқтың ортасына түсіпті. Бұл, жүйрік жылқыларға бі-тетін қасиет! Құнан екенін де тұяқтың көлемінен таныдым. Бұл кісі шаршап келеді. Ендігі, ауылға жетіп қалды.

Бергі шеттегі үйлердің біріне түседі. Ауыл шетіндегі екі үйдің бірі сенің екендікі. Егер үйіңде отырса, дәлелдеп беремін. Көршілерінде қора жоқ, сен-дердікіне түсер — деді. Мынау ізкесер КГБ қызметкері болатын адам екен! — деп ой-ладым. Айтқандай, ауыл шетінен үйге жақындағанда, қораның қадасында бұғы мойын, ешкі басты торы құнан байланып тұр екен. Өзі кеуделі де, сауырлы екен. Екі бұты талтақ,(бұл да жүй-рікке тән белгілер екенін кейін білдім) Құйма тұяқ екен. Ашық қораның ішінде қой, ешкілер жатыр. Арасында бір азбан ісек тұр. Семіз де ірі екен. Біз үйге кіргенде, шәй ішіп отырған үлкен кісіні көзім бір-ден тапты. Беті қолимызды жуып, дастарханға отырған соң мен, жездеме қарап, ымдадым. Жездем амандық саулықтан соң: —Ақсақал, біз сіздің ізіңізді ала жолға шыққанбыз. Мен ізге қарап, үш қой, бір қошқар, төрт қозы, және үш ешкі, жеті лағыңыздың барын білдім. Мына балдызым сенбей келеді. Айтыңызшы, мен дәл таптым ба? —деді —Иә бала, қолмен қойғандай айттың. Көзің қарақты екен! — деді. —Қошқарыңыз семіз ғой. —Ол да рас. Күзде, әскерден балам келеді. Соның " Құдайы жолына " дайындап жүрмін, — деді. Маған тек, құнанның жағдайы қызықты . —Ата, құнаныңыз жақсы шаба алатын ба еді? — деп сұра-дым, шыдамай, әңгімеге ара-ласып. —Мен енді шауып көрмеппін! Бірақ, тұрған жерін таңертеңге

дейін, тізесіне дейін қазып та-стайды, — деді. Маған жездем масаттана қарады. Мен де жездемнің қасиетін шын мойындадым! Кейін үш төрт жылдан соң, сол атты біреу сатып алып, облыс көлемінде жүлде ұтып жүрді. Мен сол жағдайдан соң жез-декемді көрсем әжуа, қалжың үшін емес, бірдеңе үйренгім келіп сөйлететін болдым. Оқып шыққанымда, өзімді елуінші жылдардан әрең жұлып алдым, осы кісілердей ағам иә жездем болар ма еді. Соңынан жүріп, үйренер едім! — деп қиялға берілдім. Содан кейін ізге көп мән бе-ретін болдым, және тез арада, шапқан атпен шоқырақтың, желген атпен жорғаның, жүрісі жоқ атпен аяңшылды айыра алатын болдым. Осы очеркті оқығаным кей-ін атпен аң аулап жүріп, жорға атты жолдасымнан түнде жалғыз адасқанымда көмегі тиді. Ауылда бір марқұм шал ай-тып еді: "Айсыз қараңғыда Қызыл құммен (қыстау), Қара құмның (жайлау) арасында (300-400 км жер) көзімді байлап қойса да адаспаймын!" — деп. Ондай кісілер көзірі бар ма екен?!... **P.S. Бұл ұмытылған естелік еді. Өз сөзіммен өрледім. Дұрыс жеткізе алмасам, ұры-са-сөкпеніздер! Селекция де-мекші, ауыл арасындағы жүй-рік айғырлармен өз жылқым ішіндегі бір биенің тұқымын будандастыра жүріп, нағыз " Қарабайырды " шығарғам. Бестісінде ұрлап көтті. Соғым болмай, тірі жүрсе екен ! Адам деген қызықпыз ғой. Астанада жүріп ипподромға барсам, соған ұқсас атты із-деймін. Жарықтық омыраулы, сауырлы, салқы төс, төует бас, құнанында ақ сағалды-рығына жұдырығым өркін сиып көтетін...** **Маралбек БАЗАРБАЙҰЛЫ**

ӘКІМ МЕН ПРОКУРОР КӘСІПКЕРЛЕРГЕ БАРДЫ



Кәсіпкерлік саласы, оның ішінде шағын және орта бизнесті дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Осы мақсатта мемлекет тарапынан қолдау да көп. Жеке бизнестің жілігін шағып, жемісін көргісі келгенге таза ниет болса болғаны. Ол үшін түрлі бағдарламалар қабылданып, қоғам үшін еңбектенемін дегенге мол мүмкіндік берілуде. Осындай мемлекеттік және өңірлік бағдарламаларға қатысып, шағын бизнесін шарықтатып отырған аудан кәсіпкерлерінің саны күн санап көбеюде. Оған «Ауыл аманаты» бағдарламасының да тигізген септігі көп. Бұл қуанарлық жайт. Ал, кәсіпкерлердің қордаланған мәселелерін шешуде соңғы кездері «Атамекен» кәсіпкерлік палатасының бастамасымен қолға алынған аудан әкімі мен аудан прокурорының ауылдық округтер-

де тұрғындар мен кәсіпкерлермен кездесуі оң ықпалын тигізіп отыр. Үнемі шаруаның басында жүретін кәсіпкерлер оңтайлы сәтті пайдаланып, өз сауалдарын жолдайды. Бұл жолы аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудан прокуроры Ақеділ Усенов Сарбие ауылында болып, тұрғындармен кездесті. Ауылдың ортақ мәселесі – күре жолдың алдымен тұрғындарды ауданның бүгінгі экономикалық көрсеткішімен таныстырса, аудан прокуроры ауылдық жерлердегі мотоциклдерді құжаттандыру туралы сауалға жан-жақты жауап берді. Кәсіпкер Еркебұлан Серажовтың жер телімін алу туралы сауалына аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы конкурстың тәртібі мен талаптарын түсіндірді.

ОЙЫЛДЫҢ АБЫРОЙЫ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ!

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША 2025 ЖЫЛҒЫ 13 ҚЫРКҮЙЕК ЖӘНЕ 15 ҚАРАША АЙЛАРЫ АРАЛЫҒЫНДА ЕЛДІ МЕКЕНДЕРІН САНИТАРЛЫҚ ТАЗARTY ЖӘНЕ АБАТТАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖҰМЫСТАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТУРАЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 12 ҚЫРКҮЙЕКТЕГІ № 52 ӘКІМІ ШЫҚТЫ.

Осыған сәйкес ауылдық округ әкімдерімен Ойыл ауданы бойынша барлық мекеме қызметкерлері апта сайын санитарлық тазарту және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі уақытқа дейін санитарлық тазарту және абаттандыру жұмыстарына 316 тұрғын атсалысып, 8 техника жұмылдырылды. 21 шақырым автокөлік жолдарының жиіктері тазартылып, 52 тонна қоқыс шығарылды.

Бұл ресми мәлімет. Ал, ауылдың тазалығы атқарушы биліктің ғана міндеті емес. Ол әр үйдің сыртқы келбеті мен айналасының тазалығынан басталуы тиіс. Сондықтан, ауданның барлық тұрғыны өзінің үйінің, ауласының айналасын жинақтап, тазалап, осы айлыққа атсалысуы керек. «Ауылына қарап, азаматын таны», - деген қағидаға сүйенсек, Ойылдың абыройы бәрімізге ортақ!



ӘДІЛБЕК - «ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ»

ЖУЫРДА АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «НҰР-ӨЛЕМ» БАСПАСЫНАН «ҰЛТ ТҰЛҒАСЫ» ЭНЦИКЛОПЕДИЯСЫНЫҢ ЕКІНШІ ТОМЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ. ТӨУЕЛСІЗДІК АЛҒАН КҮННЕН БАСТАП ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА САТЫҒА КӨТЕРІЛУІНЕ КЕҢ БАЙТАҚ ЕЛІМІЗДІҢ ТҮПКІР-ТҮПКІРІНДЕГІ ҰЛАҒАТТЫ ІСІМЕН КӨЗГЕ ТҮСІП, ҮЛКЕН ҮЛЕС ҚОСҚАН ТҰЛҒАЛАР ТОПТАСҚАН.



Солардың қатарында біздің жерлесіміз «Рақым» шаруа қожалығының төрағасы Әділбек Рәхим да бар. Жат діни ағымдардың айқын сипаты – өздерінен басқа барлық мұсылмандарды адасқан деп санауы. Олар өз тобына кірмегендерді «хақ жолында емес», «бидғатшы» деп айыптап, рухани және әлеуметтік түрде шеттетуге тырысады. Бұл – Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне мүлде қайшы. Мұндай топтар ел ішіне іріткі салып, бірлік пен бауырмалдыққа үлкен сызат түсіреді.

үіне үлес қосқан жігіттің еңбегі де елеусіз емес. Бірнеше рет үздік кәсіпкер атанған ол бірнеше жыл қатарынан «Парыз» республикалық байқауында жеңімпаз атанса, 2018 жылы қоғамдық Ұлттық «Алтын Жүрек» сыйлығының «Ардагерлерге көрсеткен құрметі үшін» номинациясының жеңімпазы атанды. Былтыр «Қазақстан Республикасының Құрметті Қайраткері» атағына ие болды.

ЖАТ АҒЫМ ЖАРЫЛҚАМАЙДЫ!

БІЗДІҢ БАҒЫТ – БІРЛІК!

Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы Ислам дінін ұлттық болмысымен үйлестіріп, асыл қазына ретінде ұрпақтан ұрпаққа аманаттап жеткізді. Олар шариғи үкімдерде – Ханафи мәзһабын, сенім мәселелерінде – Матуриди ақидасын берік ұстанды. Бұл қос негіз халқымыздың рухани өзегіне айналып, ұрпақты сабырға, байыптылыққа, асыл дінімізді құрметтеуге және оны терең түсінуге тәрбиеледі.

Ханафи мәзһабы – тек бір аймақтың немесе бір ғалымның пікірімен шектелмеген, исламдағы фикһ ғылымының кең әрі ауқымды, дәлелге бай, терең де жүйелі мектебі. Бұл мәзһаб ғасырлар бойы түрлі қоғамдық және тарихи өзгерістерге лайықты жауап берген, жоғары деңгейде сараланған фикһи мектепке айналды. Матуриди мектебі болса, Құран мен сүннетке, әрі ақылға негізделген сенім жүйесін қалыптастырып, мұсылманды тек сенуге ғана емес, ойлауға, түсінуге, дінді терең тануға шақырды. Бұл – діни фанатизм мен соқыр еліктеуден аулақ, бірлік пен бейбітшілікке негізделген парасатты жол.

Алайда бүгінде осы рухани тамырымызды үзуге тырысатын жат діни ағымдар өз идеологиясымен қоғамымыздың ең қымбат байлығы болған бірлік пен берекеге зиян тигізуде. Абай атамыз: «Бірінді қазақ, бірің дос, көрмесек істің бәрі бос» – деп, ынтымақ пен бауырмашылдықты дініміздің өзегі етіп көрсетті. Алла Тағала қасиеттері Құранда:

«Барлығың да Алланың жібіне (яғни хақ дініне) мықтап жармасыңдар және өзара бөлінбөңдер...», («Әли-Имран» сүресі, 103-аят).

Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өз өмірінде бейбітшіліктің жарқын үлгісін көрсетті. Ол тіпті душпандарына да көшіріммен қарады.

ҚИССА: МЕККЕГЕ КІРГЕН МЕЙІРІМ ИЕСІ

Ардақты пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеге қарай бет алған сәті еді. Хижра жыл санауының сегізінші жылы, Рамазан айы. Мединадан шыққан он мың жауынгерден құралған ұлы ислам әскері,

ақиқат үшін атқа қонған еді. Бұл жорық көк алу үшін емес, әділеттілікті орнату үшін еді. Көп ұзамай, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеге жақындады. Алдында «Жасыл жасақ» – сол күннің ең қуатты әскери бөлімі келе жатты. Бұл жасақ «жасыл жасақ» деп аталды, себебі оның сарбаздары толық сауыт киіп, қап-қара болып көрінетін. Арабтар қара түске кейде «жасыл» деп теңеу қолданатын. Бұл жасақтың айрықша күш-қуаты мен айбары бүкіл әскерге белгілі еді. Ту ұстаушы Сағд ибн Убаде еді. Ол әскердің рухын көтерем деп:

– Бүгін – шайқас күні! Бүгін ешкімге құрмет көрсетпейміз! Бүгін Алла Құрайышты қорлайды! – деп, айқай салды. Бұл сөз Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жүрегіне ауыр тиді. Себебі, оның жүрегінде көк емес, көшірім, жеңістен бұрын жарылқау, қуаттан бұрын кішіпейілділік тұратын. Ол Сағдтан туды алып, Әли ибн Әбу Талибке тапсырды да былай деді: – Жоқ, Сағд! Бүгін – мейірім күні. Бүгін құрмет құталатын күн. Бүгін Алла Құрайышты жарылқайтын күн! – деп айтты. Міне, осындай еді Алланың Елшісі. Жеңіс сәтінде де ол төкаппарланбады. Жауын баса көктеп емес, жүрекке жол тауып жеңді. Сол күні Мекке тек есігін емес, жүрегін де ашты.

БІРІНШІ: ИСЛАМ ТАРИХЫНДАҒЫ АҒЫМДАРДЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ

Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) заманында мұсылмандар арасында ешқандай ағымға бөліну орын алмаған еді. Өкінішке орай, түрлі себептердің салдарынан бертін келе мұсылмандардың ағымға бөліне бастағаны ислам тарихынан мәлім. Аталған себептерді алғашқыда зерттеп қарағанда оның айтарлықтай маңызы болмағанымен, уақыт өте келе қордаланған мәселелер ұлғая түсті. Нәтижесінде төртінші халифа – хазрет Алидің (Алла оған разы болсын) халифалық кезеңіндегі саяси оқиғалардан кейін дініміздің тармаққа бөлінуі арта түсті. Әсіресе Әмәуи халифаты

билік құрған 661-750 жылдар аралығында саяси-әлеуметтік мәселелер және басқару жүйесіндегі кемшіліктер еріксіз түрде ағымдардың санын арттырды. Сонымен қатар Ислам діні тек арабтармен ғана шектелмей, өзге ұлт өкілдері арасында да кеңінен тарады. Мұсылман қауымы халифат билігіне қарасты жерлерде мекендеген түрлі ұлт пен ұлыс өкілдерінен құралғандықтан, бәрінің бірдей ислам дінінің қағидаларын толыққанды ұстануы мен түсінуі де мүмкін емес еді.

Қоғамда орын алған діни, саяси және әлеуметтік мәселелер мұсылмандардың ағымға бөлінуіне өзіндік әсерін тигізген рас. Өкінішке орай, әр ғасырда түрлі атаулармен ұлкенді-кішілі жаңа ағымдардың пайда болуы жиырмасыншы ғасырға дейін жалғасты. Өртүрлі тарихи кезеңдерде пайда болған бұл ағымдардың басым бөлігі тарих сахнасынан жойылғанымен біразы дүниенің төрт бұрышынан бүгінге дейін ұйт-насихаттарын жүргізіп келеді.

Ал жиырма бірінші ғасырда көбіне саяси мақсаттағы діни ағымдар жиі сөз болып жатқаны баршамызға мәлім. Дегенмен бұл ағымдар мен ұйымдардың басым бөлігінің негізі орта ғасырдағы ағымдардан бастау алады.

ЕКІНШІ: ЖАТ АҒЫМДАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОЯМҒА ТИГІЗЕТІН ЗИЯНДАРЫ

1. Рухани бірлікті бұзу

Жат ағымдар ең алдымен қоғамдағы ғасырлар бойы қалыптаған рухани тұтастықты бұзады. Халқымыз Ханафи мәзһабын, Матуриди сенім мектебін ұстанып келеген. Бұл жол –байсалдылық, білімге негізделген парасат жолы. Алайда, жат ағым өкілдері осы қалыптасқан жүйені теріске шығарып, ел ішіне бүлік салуды көздейді. Олардың «біз ғана хақыпз, қалғаны адасқан» деген радикалдық ұстанымы ағайын арасына алауыздық енгізеді.

2. Отбасылық бөрекенің бұзылуы

Жат ағымдардың қоғамдағы ең ауыр соққы беретін салаларының бірі – отбасы институтының әлсіреуі. Ата дініміз ислам отбасыны – қоғамның тірегі, адамзаттың тәрбиесі

басталатын киелі ұя деп сипаттайды. Ал жат ағымдардың идеологиясы осы ұяны ыдыратуға, ата-ананы сыйламауға, бауырдан безуге итермелейді. Бұл іс дінімізде тыйым салынған ең ауыр күнәлардан болып саналады. Құранда Алла Тағала былай бұйырады: «Бір Аллаға құлшылық жасап, Оған еш нәрсені серік етіп қоспаңдар. Ата-аналарыңа жақсылық жасаңдар», – деген («Ниса» сүресі, 36-аят).

Бұл аят – ата-анаға деген құрметтің діндегі орны қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Жат ағымға бой ұрған азаматтар әйел мен еркектің міндетін шариғат шеңберінде емес, өздерінің тар түсінігімен өлшеп, отбасының берекесін қашырады. Исламда отбасы – мейірім мен кешірімнің мекені. Алла Тағала:

«Сондай-ақ оның (құдіретінің шексіздігін көрсететін) айқын дәлелдерінің бірі – оларға бауыр басып, жандарың жай тапсын деп, сендер үшін өз болмыстарыңнан жұбайлар жаратып, араларыңа сүйіспеншілік һәм мейірім сезімін ұялатқандығы. Міне, осының өзінде ақылға салып ойланатын қауым үшін ап-айқын дәлелдер мен талай ғибрат бар», – деп, («Рум» сүресі, 21-аят) ерлі-зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік пен мейірімнің маңыздылығын айтады. Отбасы – шағын мемлекет. Ал егер жат ағым сол мемлекеттің ішінен іріткі салса, онда бүтін қоғамның іргесі сәгіледі. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Сендердің ең жақсыларың – отбасыңа қамқор болғандарың», – деген (имам Термизи). Халқымызда: «Отан – отбасынан басталады», – деген тағылымды сөздер бар. Олай болса, отбасымызды жат ағымнан қорғау – тек діни емес, ұлттық әрі адами міндетіміз. Балаға дұрыс бағыт көрсету, ерлі-зайыптылардың мейірімділігі мен түсінігі, ата-анаға құрмет – дініміздің де, дәстүріміздің де өзегі.

3. Ұлттық құндылықтарды жоққа шығаруы

Ұлтты – ұлт ететін тілі мен діні болса, оны ұстап тұрған – дәстүр мен руханият. Дін – адамды өркениетке жетелейтін құндылықтар жиынтығы,

ал ағым – сол құндылықтардан ажырататын бөгде күш. 4. Өздеріне қосылмағандарды қолдамау, адасушылықпен айыптау. Жат діни ағымдардың айқын сипаты – өздерінен басқа барлық мұсылмандарды адасқан деп санауы. Олар өз тобына кірмегендерді «хақ жолында емес», «бидғатшы» деп айыптап, рухани және әлеуметтік түрде шеттетуге тырысады. Бұл – Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне мүлде қайшы. Мұндай топтар ел ішіне іріткі салып, бірлік пен бауырмалдыққа үлкен сызат түсіреді.

ҮШІНШІ: ЖАТ АҒЫМДАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

1. Дінге қатысты сұрақтың жауабын және дінге қатысты мәліметті сенімді арналардан алу ең басты қорған.

2. Отбасындағы діни тәрбие

Баланың діни ұстанымы мектепке жетпей-ақ, отбасында қаланады. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсің» – дейді қазақ. Дінге ынтыққан балаға ата-ана даналықпен, мейіріммен және шариғатқа сай дұрыс жол сілтеп, иманның таза бұлағына бастай білуі керек.

3. Интернет және медиа сауаттылығы

Жат ағымдардың басты қауыры – әлеуметтік желі. Сол себепті жастар дінге қатысты әрбір ақпаратты қабылдамас бұрын, оның ақ-қарасын таразылап, шынайылығын сүзгіден өткізуі қажет.

4. Заң және қоғамдық қауіпсіздік

Бүгінгі жаһандану дәуірінде ақпарат ағыны күн сайын артып, түрлі көзқарастар мен идеялар шекара атаулыны білмей таралуда. Солардың ішінде қоғамның тұрақтылығына, мемлекеттің қауіпсіздігіне және халықтың бірлігіне қауіп төндіретін құбылыстар – экстремизм мен радикализм. Бұл індеттер санаға жасырын жолмен еніп, біртұтас ұлттың тамырына балта шабады. Қазақстан Республикасы өзінің Ата заңында және бірқатар заңнамалық актілерінде экстремизм мен радикализмге қарсы нақты шараларды бекіткен. «Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы», «Ұлттық

қауіпсіздік туралы» заңдар және Қылмыстық кодекстегі тиісті баптар – осы күрестің негізгі тірегі. Алайда заңдардың қағаз бетінде жазылып қана қоймай, өмірде жүзеге асуы үшін әрбір азаматтың құқықтық сауаттылығы жоғары болуы қажет. Сондықтан дінге қатысты кез келген ақпаратты қабылдарда оның дереккөзін тексеру, ақ-қарасын ажырату – әрбір саналы жастың міндеті. Қоғамның қауіпсіздігі – жеке адамның жауапкершілігінен басталады. Біз заңды біле отырып, оны орындағанда ғана елімізде тыныштық пен тұрақтылық сақталады. Себебі заңды құрметтеу – бұл тек қорқыныштан емес, өз елінің ертеңіне жауапкершілікпен қараудан туындайды. Заңды білу – парыз, оны сақтау – міндет, ал бейбіт өлде өмір сүру – баршамыздың ортақ бақытымыз.

5. Жамағатпен байланыс

Мешітке жиі келу, имаммен байланыста болу, жамағат ішінде болу – жат ағымдарға қарсы иммунитет. Жалғыз жүрген адам қасқырдың нысанасына оңай айналады, ал жамағатта – қорған бар.

Сондықтан біз жат идеологияға ақылмен, біліммен, көркем насихатпен қарсы тұруымыз керек. Ата дінімізді, ата жолымызды – ғылыммен, сабырмен, мейіріммен қорғайық! Қорыта айтқанда Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы елдің бірлігі мен берекесін сақтап келді. Бірлік кеткен жерден береке кетеді. Бөлінушілік – құлдырауға, бірлік – өрлеуге бастайды. Бабаларымыздың «Алтау ала болса – ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса – төбедегі келеді» деген нақылы дәл осыны меңзейді. Руханиятсыз қоғам – тамыры солған ағаш секілді, сырттай көрікті, іштей әлсіз, күйреуге бейім. Руханият – адамзат табиғатына аса қажет. Бұл – дұрыс білімнен, дін мен дәстүр жолын түсінуден басталады. Еліміздің амандығы мен дініміздің тұтастығы әрбір адамның жауапкершілігінде. «Береке – бірлікте, ырыс – ынтымақта» деген ата-бабамыздың өсиеті әрдайым жүрегімізде болсын.

Баққарық қажы ҚЫЗЫРҰЛЫ, Ойыл аудандық мешітінің бас имамы.